ТҮРКІСТАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ӨКІМІ

Ә. Бүркітбаев ауылы №06-ө «28» қаңтар 2025 жыл

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» №106-VIII ҚРЗ Заңының 16- бабының 5-ші тармағына сәйкес:

1. 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасында көзделген –егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу туралы шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын (телекомуникациялық қызметтер; ғимарат пен мүлікті қорғау қызметтер).

2. 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша шартты тікелей жасау жолымен бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдауды ұйымдастыруға жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

Ауылдық округ әкімі **Д. Борсыков**

«САРЫСУ АУДАНЫ ТҮРКІСТАН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Ә.Бүркітбаев ауылы №16 17.02.2025 жыл

Бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы қорытынды

«Сарысу ауданы Жаңаарық ауылдық округі әкімі аппараты» КММ, Қазақстан Республикасы 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағы 28-тармақшасына және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығының 506 тармағына сәйкес, ауылдық округтегі өткізілетін іс-шараларға шәйнек жинағын сатып алу үшін «ИП Боранбаев» жеке кәсіпкерімен бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы қорытындыға келді.

Нормативтік құқықтық акт: Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығы

Ауылдық округ әкімі **Д.Борсиков**